

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасы туралы баяндаманы дайындау жөніндегі жұмыс тобы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 18 қазан N 148-ө

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 6-тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасы туралы баяндаманы дайындау мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Күлекеев Жақсыбек - Қазақстан Республикасының
Әбдірахметұлы Экономика министрі, жетекші

Нұрпейісов Қайрат - Қазақстан Республикасы
Айтмұхамбетұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі,
жетекшінің орынбасары

Аханов Серік - Қазақстан Республикасының
Ахметжанұлы Экономикалық жоспарлау
жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары

Жолдыбаева Сәуле - Қазақстан Республикасының
Мұсақызы Энергетика, индустрия және сауда
вице-министрі

Кәрібжанов Қайрат - Қазақстан Республикасы Көлік,
Сәлімұлы коммуникациялар және туризм
вице-министрі

Құзытбаева Ажар - Қазақстан Республикасы Әділет
Қылымбекқызы вице-министрі

Жәмішев Болат - Қазақстан Республикасы Қаржы
Бидахметұлы вице-министрі

Бисембетов Ескендір - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Қалыбекұлы Банкі төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Жолдасбаев - Қазақстан Республикасының
Сансызбай Елеусізұлы Статистика жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Смирнов Анатолий - Қазақстан Республикасы Сыртқы
Владимирович істер вице-министрі

Ауанов Мырзахмет - Қазақстан Республикасы Еңбек
Қожахметұлы және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Лекер Қуандық - Қазақстан Республикасы
Ахметұлы Денсаулық, білім және спорт
вице-министрі

2. Жұмыс тобы:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" баяндаманың жобасын дайындасын және 1999 жылдың 1 қарашасына дейін Үкіметтің қарауына ұсынсын;
баяндаманың жобасын дайындау үшін оған арнаулы атқарушы органдардың

мамандарын тарту және қажетті материалдарды алу құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары:

1999 жылғы 22 қазанға дейін Үкіметтің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын енгізу үшін өз ұсыныстарын жұмыс тобына тапсырсын;
жұмыс тобының талабы бойынша қажетті мамандар дереу жіберілсін және қосымша сұралған материалдар берілсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК